

# Театр тарландары

**Арқалық қазақ жасөспірімдер театры маусым айының 23 күні XX театр мусымын жапқалы отыр. Осы маусымда 2021 жылға жоспарланған 4 премьераның 2-і сахналанып көрерменге жол тартты. Олар: адам баласының еркіндігі, еркі, іс-әрекеті, таңдау құқығы сияқты күнделікті өмірде кездесетін мәселелер негізге алынған астарлы әзілге толы, көрермен қауымды күлкіге бөлей отырып, терең ойға батыратын С.Ахмадтың «Келіндер көтерілісі» комедиясы және араб елінің ғана емес, жаһанға ортақ жауһарға айналып үлгірген «Алладиннің сиқырлы шамы» ертегісінің негізінде сахналанған Д.Исабековтың «Шығыс ертегісі» деп аталатын балаларға арналған қойылымы.**

Театр ұжымы алдағы қазан айында 20 жылдық мерейтойын атап өтуді жоспарлап отыр. Қазіргі таңда межелі мақсаттар қойылып, кешенді жұмыстар жүргізілуде. Осыдан 20 жыл бұрын «Арқалық



**Оразбек НҮРҒАЛИ**

қазақ жасөспірімдер театры» атанған кең тынысты ұжымда 3 – ҚР Мәдениет қайраткері, 2 – ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегерлері көш бастап келеді. Театр ұжымы әрдайым өнер ордасы керегесінің кең болуы үшін қарымды еңбек етуде.

Мерейтой қарсаңында өнер ордасының құрылғанынан бастап, өркендеуіне жан салып, абыройын асқақтатып жүрген артистер О.Нұрғали, О.Қойбағаров, Ә.Манетовтардың есімін ерекше атап өтуді жөн көрдік.

Еңбегі көрермен көзімен бағаланып, талғам таразасында өлшенетін актер атты мамандықтың иегері – Нұрғали



**Орынбасар ҚОЙБАҒАРОВ**

Оразбек Қонысқараұлы. Кейіпкер психологиясына терең бойлау, образдың мінез құлқын дөп басу, әр сөздің астарын ашу, үстірт қимып – қозғалысқа бой ұрмай, байыппен жеткізу Оразбек Қонысқараұлының актер ретіндегі толғамының тереңдігін байқатады. А.Құнабаевтың «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы» қойылымында Абай бейнесін биік сана, үлкен жүрекпен ұсынуы тәрізділер назарына ілініп, 2012 жылы Республикалық театрлар фестивалінде «Абай бейнесі» номинациясы бойынша лауреат атанды. Оразбек Қонысқараұлы театрда қызмет атқарып келе жатқан жылдар ішінде ар-



**Әлібек МАНЕТОВ**

тистікпен қатар, қайбір уақыттарда бас режиссердің міндетін атқарған кездері де болды.

Тағы бір танымал есім – Орынбасар Сағитұлы Қойбағаров. Актердің ойнаған рольдеріне көз жүгірткенде трагедиялық, комедиялық жанрларда бірдей бақ сынағанын байқаймыз. Комедия жанрын ойнау қиын десек, көрген адамға актер табиғаты комедияда ғана ойнауға жаралғандай. Ал, драмалық, трагедиялық рольдерде ішкі жан айғайын сезініп, жүрек қасіретін актердің жанарынан оқисыз. Орынбасар Сағитұлы актер қызметімен шектеліп қана қоймай, режиссер ретінде бағын

сынап, 2016 жылы Ә.Файзуллаевтың «Бағдаршам» ертересін сахналады.

Әлібек Манетов. Бұл актердің аты аталған жерде, ең алдымен көз алдына осыдан 20 жыл бұрын театрдың алғашқы шымылдығын түрген М.Әуезовтың «Айман – Шолпан» қойылымындағы Әлібек бейнесі келеді. Басыбарға қарсы алынған кейіпкерлердің бірі – Әлібектің ролі байлығына сүйенген мырзаның менмендік, өркөкірек мінезін келісті ашқан. Әлібекті өз басынан сөз асырмайтын, мырзалықтың жол – жоралғысын аса қадір тұтатын өз ортасының әлдісі етіп бейнелейді. Бұл – кейіпкержандылық мектебін еркін ауыздықтаған актердің бір ғана ролі. Ал осы тектес 20 жыл ішінде сомдаған образдары қаншама.

Рухани ордада осындай аға буынның ісін алға апарар, жастық жалынмен жылт еткен ұшқындарын көрсетіп, болашағынан үлкен үміт күттірер жастар да өсіп келеді. Театр ұжымы алдағы уақытта да көркем ой айтатын, сұлулыққа жетелейтін, қоғамдағы түрлі кесепаттардан жирендіретін әр түрлі жанрдағы қойылымдарымен көрермендерін қуанта бермек.

**Гүлжанат ЖУМАБЕВА,**  
Қазақ жасөспірімдер театры Әдебиет бөлімінің меңгерушісі